

**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі жанындағы
зияткерлік меншік саласындағы кәсіптік біліктіліктер бойынша
салалық кеңес отырысының
хаттамасы**

Астана қ.

№ 2

2023 жылғы 15 желтоқсан

Төрағалық еткен:

Заң ғылымдарының докторы, М.С. Нәрікбаев
атындағы Қазақ мемлекеттік заң университетінің
профессоры, Қазақстан Республикасының
патенттік сенім білдірілген өкілі
Каудыров Төлеш Ерденұлы

Комиссия мүшелері:

(тізім бойынша)

**1. Өнеркәсіптік меншік объектілерін сараптау саласындағы салалық
біліктілік шеңберін (бұдан әрі – СБШ) бекіту**

(Т.Е. Каудыров, Б.Ш. Жакселекова Ш.Т. Абдреева)

1. Зияткерлік меншік құқықтары департаментінің директоры
Ш.Т. Әбдірееваның ақпараты назарға алынды.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің жанындағы
зияткерлік меншік саласындағы кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңес
(бұдан әрі – Салалық кеңес) мүшелерінің бірауыздан шешімімен СБШ бекітілсін.

**2. «Өнеркәсіптік меншік объектілерін сараптау жөніндегі қызмет»
Кәсіби стандартының жобасын (бұдан әрі – Кәсіптік стандарт) келісу**


(Т.Е. Каудыров, Б.Ш. Жакселекова, М.М. Тагбергенова, М.К. Тусупова,
А.К. Артыкова, А.А. Умирбаева, Ш.Т. Абдреева)

1. Зияткерлік меншік құқықтары департаментінің директоры
Ш.Т. Әбдірееваның ақпараты назарға алынды.

2. «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ Ұлттық біліктілік
жүйесінің әдіснамасы департаментінің бас сарапшысы А.А. Өмірбаеваның
ақпараты назарға алынды.

3. Салалық кеңес мүшелерінің бірауыздан қабылдаған шешімімен
айтылған ұсынымдарды ескере отырып, Кәсіптік стандартты келісу.

Төраға



Т. Каудыров

